

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 19 ақпандағы № 32 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 22 ақпанда № 8059 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17, 69 және 71-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Шалқар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шалқар ауданы, Бершүгір ауылдық округі аумағында орналасқан жалпы көлемі 5480 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, "KOPA GOLD Limited" жеке компаниясымен пайдалы қазбаларды барлау үшін 2026 жылдың 28 қазанына дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Шалқар аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны, оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар ауданының әкімі*

*Ж. Жидеханов*